

Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын, сондай-ақ білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі № 352 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 21 шілдеде № 23626 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 230 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Оқу-ағарту министрінің 28.07.2023 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Білім туралы құжаттарды тану қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі бекітілсін.

2. осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын

3. Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

м.а Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

К. Ергалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму,
инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

" ___ " _____ 2021 жыл

м.а Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2021 жылғы 19 шілдедегі
№ 352 бұйрығына
1-қосымша

Білім туралы құжаттарды тану қағидалары.

1 тарау. Жалпы ережелер.

1. Осы Білім туралы құжаттарды тану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 21) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және шетелдік білім беру ұйымдарында, оның ішінде олардың филиалдарында, сондай-ақ ғылыми орталықтар мен зертханаларда білім алған жеке тұлғалардың негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім туралы құжаттарын тану тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) білім туралы құжаттарды тану – бұл шетелдік білім беру ұйымдары, оның ішінде олардың филиалдары, сондай-ақ ғылыми орталықтар мен зертханалар берген білім туралы құжаттарды ресми растау;

2) сараптамалық бағалау – бұл білім туралы шетелдік құжаттың ұлттық заңнаманы ескере отырып, оның иегерінің оқуын жалғастыруға және/немесе жұмысқа орналасуына қол жеткізу мақсатында академиялық және (немесе) кәсіби құқықтарын бере отырып, оның тең маңыздылығын ресми түрде белгілеу;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты - мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі.

4) аттестациялық іс – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың шетелде алған ғылыми дәрежелердің, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, хабилизацияланған доктор дәрежелерінің дипломдарын тану үшін жіберілетін құжаттар пакеті;

5) диссертация – философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым кандидаты, ғылым докторы, хабилизацияланған доктор даярлау бойынша нақты мамандық/білім беру бағдарламасы бойынша шетелде қорғалған біліктілік ғылыми жұмысы

6) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор – ғылыми-педагогикалық бағыт немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже;

7) интернатура – клиникалық практикаға рұқсат алу үшін білім алушыларды базалық жоғары медициналық білім беру шеңберінде клиникалық мамандықтар бойынша даярлау нысаны;

8) цифрлық құжаттар сервисі - операторға бекітілген және мемлекеттік функцияларды және олардан туындайтын көрсетілген мемлекеттік қызметтерді іске асыру мақсатында, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау, электрондық нысанда қызметтер алу және көрсету кезінде электрондық құжаттарды жасауға, сақтауға және пайдалануға арналған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектісі.

3. Білім туралы құжаттарды тану жеке адамдарға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) қатысты жүзеге асырылады.

4. "Білім туралы құжаттарды тану" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Білім туралы құжаттарды тану туралы шешімді көрсетілетін қызметті беруші қабылдайды.

5. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабы 2-тармағының 11)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

2 тарау. Білім туралы құжаттарды тану тәртібі.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы не "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жібереді.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және нәтижесін көрсету, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Білім туралы құжаттарды тану" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген.

1-параграф. Негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттарды тану тәртібі.

8. Құжаттарды тануға басқа мемлекеттерде және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған жеке тұлғалардың негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттар жатады.

Ғылыми дәрежелердің, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерінің дипломдарын тану осы Қағидалардың 2-параграфына сәйкес жүргізіледі.

Білім туралы құжаттарды тану Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі және білім туралы құжаттың түпнұсқалығын анықтау, білім туралы құжатты берген білім беру ұйымында (ғылыми орталықта, зертханада) оны беру кезінде тиісті білім беру қызметін жүзеге асыру құқығының болуын анықтау, қажет болған жағдайда сараптамалық бағалау жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

9. Заңдастырылған немесе апостильденген білім туралы құжаттарды тану туралы өтінішті қарау мерзімі портал арқылы жүгінген кезде 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері келіп түскен күні өтінішті тіркейді және оны басшының жетекшілік ететін орынбасарына жолдайды, ол бір жұмыс күні ішінде жауапты қызметкерді айқындайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді;

3) көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері сегіз жұмыс күні ішінде тануды/сараптамалық бағалауды жүргізеді, қажет болған кезде тиісті салалардың мамандарын тартады;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкерін тану/ сараптамалық бағалау негізінде екі жұмыс күні ішінде білім туралы құжатты тану туралы бұйрық шығарылады немесе құжаттарды қайтару туралы дәлелді жауап беріледі;

5) білім туралы құжатты тану туралы бұйрықтың негізінде екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім туралы құжатты тану туралы куәлік ресімделеді;

6) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

10. Заңдастырылмаған немесе апостильденбеген білім туралы құжаттарды тану туралы өтінішті қарау мерзімі Мемлекеттік корпорация бөлімшелері арқылы жүгінген кезде 30 (отыз) жұмыс күнін құрайды:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері келіп түскен күні өтінішті тіркейді және оны басшының жетекшілік ететін орынбасарына жолдайды, ол бір жұмыс күні ішінде жауапты қызметкерді айқындайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді;

3) көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері өтініш түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде берілген білім туралы құжаттар бойынша шетелдік дерекқорлар арқылы білім туралы құжатты беру фактісін анықтайды;

4) шетелдік дерекқорда құжат туралы мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері білім туралы құжатты беру фактісін және білім туралы құжатты берген білім беру ұйымында білім беру қызметін жүзеге асыру құқығының бар екенін Растауды алу мақсатында бір жұмыс күні ішінде шетелдік білім беру ұйымына, ғылыми орталыққа немесе зертханаға ресми сұрау салу жібереді;

5) егер білім туралы құжатты берген білім беру ұйымы, ғылыми орталық немесе зертхана 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің ресми сұрау салуына (электрондық поштамен не ресми түрде) жауап бермесе,

көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері екі жұмыс күні ішінде құжаттарды қайтару туралы дәлелді жауап ресімдейді. Жауап алған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында заңды күші бар білім туралы құжаттарды тану мәселелері жөніндегі халықаралық шарттарға (келісімдерге) сәйкес білім туралы құжаттарды тану рәсімін жүргізеді. Халықаралық шарттар болмаған кезде білім туралы құжаттың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін сараптамалық бағалау арқылы тану рәсімін жүргізеді, қажет болған жағдайда тиісті салалардың мамандарын тартады;

6) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкерін тану/сараптамалық бағалауы негізінде екі жұмыс күні ішінде білім туралы құжатты тану туралы бұйрық шығарылады немесе құжаттарды қайтару туралы дәлелді жауап беріледі;

7) білім туралы құжатты тану туралы бұйрықтың негізінде екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім туралы құжатты тану туралы электрондық куәлік ресімделеді;

8) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

11. Заңдастырылған немесе апостильденбеген білім туралы құжаттарды тану туралы өтінішті қарау мерзімі Мемлекеттік корпорация бөлімшелері арқылы жүгінген кезде 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды:

1) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді не көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қолхат береді. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінген күн және пошта жөнелтілімдері кезеңі Мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері келіп түскен күні өтінішті тіркейді және оны басшының жетекшілік ететін орынбасарына жолдайды, ол бір жұмыс күні ішінде жауапты орындаушыны айқындайды;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді;

4) көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері өтініш келіп түскен кезден бастап сегіз жұмыс күні ішінде білім туралы құжаттарды Қазақстан Республикасының аумағында заңды күші бар білім туралы құжаттарды тану мәселелері жөніндегі халықаралық шарттарға (келісімдерге) сәйкес тану рәсімін жүргізеді. Халықаралық шарттар болмаған кезде білім туралы құжаттың

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін сараптамалық бағалау арқылы тану рәсімін жүргізеді, қажет болған жағдайда тиісті салалардың мамандарын тартады;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкерінің тану/сараптамалық бағалауы негізінде екі жұмыс күні ішінде білім туралы құжатты тану туралы бұйрық шығарылады немесе құжаттарды қайтару туралы дәлелді жауап беріледі;

6) білім туралы құжатты тану туралы бұйрықтың негізінде екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім туралы құжатты тану туралы куәлік ресімделеді;

7) көрсетілетін қызметті беруші сегіз жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді қамтамасыз етеді.

12. Заңдастырылмаған немесе апостильденбеген білім туралы құжаттарды тану туралы өтінішті қарау мерзімі Мемлекеттік корпорация бөлімшелері арқылы жүгінген кезде 30 (отыз) жұмыс күнін құрайды:

1) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді не көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қолхат береді. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінген күн және пошта жөнелтілімдері кезеңі Мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері келіп түскен күні өтінішті тіркейді және оны басшының жетекшілік ететін орынбасарына жолдайды, ол бір жұмыс күні ішінде жауапты орындаушыны айқындайды;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді;

4) көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері өтініш түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде берілген білім туралы құжаттар бойынша шетелдік дерекқорлар арқылы білім туралы құжатты беру фактісін анықтайды;

5) шетелдік дерекқорда құжат туралы мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері білім туралы құжатты беру фактісін және білім туралы құжатты берген білім беру ұйымында білім беру қызметін жүзеге асыру құқығының бар екенін растауды алу мақсатында бір жұмыс күні ішінде шетелдік білім беру ұйымына, ғылыми орталыққа немесе зертханаға ресми сұрау салу жібереді;

6) егер білім туралы құжатты берген білім беру ұйымы, ғылыми орталық немесе зертхана 12 (он екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің ресми сұрау салуына (электрондық поштамен не ресми түрде) жауап бермесе, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері екі жұмыс күні ішінде құжаттарды қайтару туралы дәлелді жауап ресімдейді. Жауап алған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағында заңды күші бар білім туралы құжаттарды тану мәселелері жөніндегі халықаралық шарттарға (келісімдерге) сәйкес білім туралы құжаттарды тану рәсімін жүргізеді. Халықаралық шарттар болмаған кезде білім туралы құжаттың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін сараптамалық бағалау арқылы тану рәсімін жүргізеді, қажет болған жағдайда тиісті салалардың мамандарын тартады;

7) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкерінің тану/сараптамалық бағалауы негізінде екі жұмыс күні ішінде білім туралы құжатты тану туралы бұйрық шығарылады немесе құжаттарды қайтару туралы дәлелді жауап беріледі;

8) білім туралы құжатты тану туралы бұйрықтың негізінде екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім туралы құжатты тану туралы куәлік ресімделеді;

9) көрсетілетін қызметті беруші сегіз жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді қамтамасыз етеді.

13. Үш халықаралық академиялық рейтингке және олардың екеуінің немесе одан да көбінің алғашқы 250 (екі жүз елу) позицияларының қатарына кіретін: әлемнің үздік университеттерінің әлемдік рейтингісі Квакарелли Саймондс (QS World University Rankings, КьюЭс Ворлд Юниверсити Ранкинг), әлем университеттерінің академиялық рейтингісі (Academic Ranking of World Universities, Академик Ранкинг оф Ворлд Юниверситиес), Таймс (Times Higher Education World University Rankings, Таймс Хайер Едукейшн Ворлд Юниверсити Ранкинг) басылымының нұсқасы бойынша әлемнің үздік университеттерінің рейтингісіне енгізілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында алған білім туралы құжаттары білім туралы құжаттың түпнұсқалығын анықтау арқылы ғана танылады.

14. Білім туралы құжаттарды тану рәсімінен келесі тұлғалар өтпейді:

1) "Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленушілер;

2) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес білім туралы құжаттарды танудан босататын халықаралық шартқа (келісімге) қол қойған елдердің оқу орындарының білім туралы құжаттарының иегерлері.

15. Өзара тану туралы халықаралық шарттарға (келісімдерге) қол қойған елдердің білім туралы құжаттары келесі тәртіппен танылады:

1) егер білім туралы құжат заңдастырылмаған, апостильденбеген болса білім туралы құжаттың түпнұсқалығын анықтау;

2) білім туралы құжатты берген білім беру ұйымында, ғылыми орталықта, зертханада оны беру сәтінде тиісті білім беру қызметін жүзеге асыруға құқығы бар екенін анықтау болып табылады.

16. Өзара тану туралы халықаралық шарттар (келісімдер) болмаған кезде білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамалық бағалау жүргізіле отырып, келесі тәртіппен танылады:

1) егер білім туралы құжат заңдастырылмаған, апостильденбеген болса білім туралы құжаттың түпнұсқалығын анықтау;

2) білім туралы құжатты берген білім беру ұйымында, ғылыми орталықта, зертханада оны беру сәтінде тиісті білім беру қызметін жүзеге асыруға құқығы бар екенін анықтау;

3) білім деңгейін және (немесе) біліктілігін бағалау;

4) оқу кезеңдерін бағалау;

5) оқу мерзімдері мен нысанын бағалау;

6) білім туралы құжаттың иесіне осы құжат берілген мемлекетте берілетін академиялық және (немесе) кәсіптік құқықтардың, Қазақстан Республикасында белгіленген үлгідегі білім туралы тиісті құжаттарға берілетін құқықтардың теңдігін айқындау;

7) қосымша білімінің бар болуын анықтау (егерде білім деңгейлерінде, оқу кезеңдерінде, оқу мерзімдері мен нысанында едәуір айырмашылық анықталған жағдайда);

8) практикалық дағдылары мен мамандық немесе білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс тәжірибесінің бар болуын анықтау (егерде білім деңгейінде, оқу кезеңдерінде, оқу мерзімдері мен нысанында едәуір айырмашылық анықталған жағдайда) болып табылады.

17. Егер сараптамалық бағалау кезінде білім деңгейлерінде, оқу кезеңдерінде, оқу мерзімдері мен нысанында айтарлықтай айырмашылық анықталған жағдайда , қосымша оқығанын және білім алғанын растайтын құжаттар, оның ішінде көрсетілген мамандық бойынша 5 жылдан астам практикалық жұмыс тәжірибесінің бар болуы білім туралы құжаттың иегеріне айырмашылықтың орнын толтырады.

18. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарында, ғылыми орталықтарда, зертханаларда алынған білім туралы, оның ішінде интернатурадан өткені туралы құжаттар келесі тәртіппен танылады:

1) егер білім туралы құжат заңдастырылмаған, апостильденбеген болса білім туралы құжаттың түпнұсқалығын анықтау;

2) білім туралы құжатты берген білім беру ұйымында, ғылыми орталықта, зертханада оны беру сәтінде тиісті білім беру қызметін жүзеге асыруға құқығы бар екенін анықтау;

3) тиісті саланың сарапшыларын тарта отырып, білім деңгейін бағалау.

19. Білім беруді тану рәсімінің нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген құжаттар санаты үшін оқуды жалғастыруға және (немесе) жұмысқа орналасуға құқық беріле отырып, ұсынылған құжат бойынша білім туралы құжатты тану туралы;

2) осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген құжаттар санаты үшін оқуды жалғастыруға және (немесе) жұмысқа орналасуға құқық бере отырып, тиісті білім деңгейі/дәрежесі, мамандығы немесе білім беру бағдарламасы/ кадрлар даярлау бағыты, біліктілік бойынша білім туралы құжатты тану туралы;

3) білім туралы құжаттарды қайтару;

Білімі туралы құжаттарды қайтару мемлекеттік қызметті алуға қайта жүгінуге кедергі келтірмейді. Қайта жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қайта тапсырады.

Қайтарылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы қайта жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін жаңа төлем жүргізбейді.

4) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қайта жүгінуге кедергі болмайды. Қайта жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қайтадан тапсырады.

Бас тартқан жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы қайта жүгінген кезде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 6-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет үшін жаңа төлем жасайды.

20. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген.

21. Тану туралы куәлік немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жауап Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке өзіне/нотариалды расталған сенімхат бойынша үшінші тұлғаға беріледі немесе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

2-параграф. Ғылыми дәрежелердің дипломдарын, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін тану тәртібі

22. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың шетелде алған ғылыми дәрежелерінің, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, хабилизацияланған доктор дәрежелерінің дипломдарын тану рәсімі екі кезеңде жүргізіледі:

- 1) дәреже беру туралы құжаттың түпнұсқалығын анықтау;
- 2) диссертация сараптамасы.

23. Осы Қағидалардың 22-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген диссертацияларды сараптау кезеңі мынадай санаттағы адамдар үшін жүргізілмейді:

1) диссертация қорғаған немесе құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне (бұдан әрі – Комитет) тапсырылған сәтте үш халықаралық академиялық рейтингке және олардың екеуінің немесе одан да көбінің алғашқы 250 (екі жүз елу) позицияларының қатарына кіретін: әлемнің үздік университеттерінің әлемдік рейтингісі Квакаарелли Саймондс (QS World University Rankings, КьюЭс Ворлд Юниверсити Ранкинг), әлем университеттерінің академиялық рейтингісі (Academic Ranking of World Universities, Академик Ранкинг оф Ворлд Юниверситиес), Таймс (Times Higher Education World University Rankings, Таймс Хайер Едукейшн Ворлд Юниверсити Ранкинг) басылымының нұсқасы бойынша әлемнің үздік университеттері рейтингтерінің біреуіне кіретін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында диссертация қорғағандар үшін;

2) "Болашақ" халықаралық стипендиясын иеленушілерге оқу үшін ұсынылатын ұйымдардың тізіміне енгізілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдар, ғылыми орталықтар, зертханаларда диссертация қорғаған;

3) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен еңбек көші-қон шеңберінде шақырылған шетел азаматтары үшін;

4) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік органдары, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау бағдарламалары бойынша оқытуға жіберілген адамдар, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қамтитын диссертация қорғаған адамдар үшін;

5) шетелдік өнер ұйымдарында орындаушылық өнердің жоғары дәрежесі үшін екінші деңгейдегі магистр немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дипломдарын алған адамдар үшін;

б) хабилизацияланған доктор (Dr.Habil) дипломын алған адамдар үшін.

24. Аспирантураның, докторантураның кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша оқуға жіберілген "Болашақ" халықаралық стипендиясының иегерлері ғылыми дәрежелерінің, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерінің дипломдарын тану рәсімінен өтпейді.

25. Қажетті құжаттардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті ұсыну ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Білім туралы құжаттарды тану" Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген.

26. Заңдастырылған немесе апостильденген ғылыми дәреже туралы дипломды тану туралы өтінішті қарау мерзімі 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері келіп түскен күні өтінішті тіркейді және оны басшының жетекшілік ететін орынбасарына жолдайды, ол бір жұмыс күні ішінде жауапты орындаушыны айқындайды.

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

3) көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері 13 (он үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 15-тармағының 1) тармақшасына сәйкестігіне сараптамалық бағалау жүргізеді.

4) 23-тармақтың 1) - б) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың құжаттары қаралған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкерінің қорытындысы негізінде екі жұмыс күні ішінде тану туралы бұйрық немесе құжаттарды қайтару туралы дәлелді жауап шығарылады;

5) бұйрық негізінде екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік білім туралы құжатты тану туралы электрондық /қағаз куәлік ресімделеді;

б) осы Қағидалардың 23-тармағында көрсетілмеген адамдардың құжаттарын қараған жағдайда, құжаттарды қарау осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкес жүргізіледі;

7) тану туралы куәлік не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке өзіне немесе нотариаттық куәландырылған сенімхат бойынша үшінші тұлғаға беріледі не көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

27. Егер 23-тармақта көрсетілмеген тұлғалардың ғылыми дәрежелер дипломдары заңдастырылмаған немесе апостильденбеген жағдайда ғылыми дәрежелер дипломдарын тану туралы өтініштерді қарастыру мерзімі 48 (қырық сегіз) жұмыс күнін құрайды.

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінішті түскен күні тіркейді және оны басшының жетекшілік ететін орынбасарына жолдайды, ол бір жұмыс күні ішінде жауапты орындаушыны айқындайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді;

3) көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері екі жұмыс күні ішінде Комитеттің Сараптама кеңесіне сараптамаға жібереді;

Бұл ретте Комитетке диссертация, ҰМҒТСО анықтамасы және диссертация қорғалған елдің уәкілетті органының немесе ЖЖОКБҰ анықтамасы (еркін нысанда, болған жағдайда) диссертацияны плагиатқа тексеру бойынша, жарияланымдар тізімі жіберіледі;

4) Сараптама кеңеспен диссертацияны қарау мерзімі 36 (отыз алты) жұмыс күнінен аспайды;

5) Сараптама кеңесінің қорытындысы сараптама кеңесінің отырысы өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі;

6) Сараптамалық кеңестің қорытындысы негізінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері екі жұмыс күні ішінде тану туралы бұйрық немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап шығарады;

7) Сараптамалық кеңестің оң шешімі негізінде көрсетілетін қызметті беруші ғылыми дәрежені, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ақталған доктор дәрежесін тану туралы дипломды таниды, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі жұмыс күні ішінде шетелдік білім туралы құжатты тану туралы куәлік ресімделеді.

28. Тану туралы куәлік не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке өзіне немесе нотариаттық куәландырылған сенімхат бойынша үшінші тұлғаға беріледі не көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

29. Көрсетілетін қызметті алушы Сараптамалық кеңестің теріс шешімі негізінде қабылданған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді

жауаппен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге еркін нысанда апелляциялық өтініш береді. Апелляциялық өтініш танудан бас тартуды алған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде беріледі. Апелляциялық өтініш Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген дәрежелерді беру қағидаларының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 13 мамырда № 6951 болып тіркелген) 28, 29-тармақтарында көрсетілген тәртіппен қаралады.

3 тарау. Білім туралы құжатты тану туралы куәліктің телнұсқасын беру тәртібі.

30. Тегі, аты немесе әкесінің аты (бар болған жағдайда) өзгерген, білімі туралы құжатты тану туралы куәлік жоғалған, бүлінген жағдайда тану туралы куәліктің телнұсқасы (бұдан әрі – телнұсқа) беріледі.

31. Телнұсқаны алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш жолдайды.

32. Берілген куәлік бланкісінің оң жақ жоғары бұрышына "Телнұсқа" деген жазу жазылады.

33. Телнұсқа беру туралы өтінішті қарау мерзімі:

- Портал арқылы жүгінген кезде-7 (жеті) жұмыс күні:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері келіп түскен күні өтінішті тіркейді және оны басшының жетекшілік ететін орынбасарына жолдайды, ол бір жұмыс күні ішінде өтінішті көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің қызметкеріне жолдайды;

2) құрылымдық бөлімшенің қызметкері үш жұмыс күні ішінде тану туралы куәлікті беру фактісін растайды және оны көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкеріне жолдайды;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты сұрып қызметкері екі жұмыс күні ішінде білім туралы құжатты тану туралы куәліктің телнұсқасын немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы бір жұмыс күні ішінде білім туралы құжатты тану туралы куәліктің телнұсқасына немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды;

5) Білім туралы құжатты тану туралы куәліктің электрондық телнұсқасы көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

- Мемлекеттік корпорация бөлімшелеріне жүгінген кезде -15 (он бес) жұмыс күні. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінген күн және пошта жөнелтілімдері кезеңі Мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді:

1) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық тапсырмаған жағдайда, құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қолхат береді.

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінішті келіп түскен күні тіркейді және оны басшының жетекшілік ететін орынбасарына жолдайды, ол бір жұмыс күні ішінде өтінішті көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің қызметкеріне жолдайды;

3) құрылымдық бөлімшенің қызметкері үш жұмыс күні ішінде тану туралы куәлікті беру фактісін растайды және оны көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкеріне жолдайды;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері екі жұмыс күні ішінде білім туралы құжатты тану туралы куәліктің телнұсқасын немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы білім туралы құжатты тану туралы куәліктің телнұсқасына немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа бір жұмыс күні ішінде қол қояды;

6) көрсетілетін қызметті беруші білім туралы құжатты тану туралы куәліктің телнұсқасын не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты мемлекеттік корпорация бөлімшелеріне 8 жұмыс күні ішінде жеткізеді.

4 тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.

34. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Білім туралы құжаттарды тану
қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым

министрлігінің "Болон процесі
және академиялық ұтқырлық
орталығы" шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорны

(Тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда) *

Азаматтығы: * _____

* _____

Жеке басын растайтын құжаты
(паспорт/жеке куәлік):

* _____

(нөмірі, сериясы, күні және кім
бергені)

Тұрғылықты мекенжайы:

(ел, облыс, қала, аудан, көше
атауы, үй және пәтер нөмірі)

Байланыс деректері* _____

(ұялы, жұмыс/үй телефондары,
электрондық пошта адресі)

Жұмыс немесе оқу орны:

* _____

Өтініш

Сізден білім туралы құжатты * _____

(жұмысқа орналасу, оқуды жалғастыру)

_____ мақсатымен тануды өтінемін.
Білім туралы құжаттың түрі, сериясы және нөмірі* _____

—

(диплом, аттестат, куәлік, сертификат)

Кім берген* _____

—

(білім беру ұйымының, ғылыми орталықтың, зертхананың, елдің толық атауы)

Мамандық/бағыты бойынша* _____

—

(толық атауы)

Берілген біліктілік/ дәреже* _____

—

(толық атауы)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпия мәліметтерді пайдалануға келісім беремін. Ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығы үшін толық жауап беремін.

"__" "__" 20__ жыл _____ (жеке қолы)

*- толтырылуы міндетті.

Білім туралы құжаттарды тану
қағидаларына
2-қосымша

"Білім туралы құжаттарды тану" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі	Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру: 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

		2) "электронды үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
